	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	9 беттің 1-беті
Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже		



«БЕКІТЕМІН»

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ  
Басқарма төрағасы – Ректоры  
Г.Сугирбаева  
2023 ж.


## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ КООРДИНАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ


#### ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ ҚЕ 05-00-2023

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Келісілді:</b>		
Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор		Исабек Б.Қ.
Басқарма мүшесі- Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор		Керімбеков Е.Р.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімінің басшысы		Калибаева Д.Б.
Адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры		Мельдешева А.С.
Заң департаментінің директоры		Амирхан М.А.


қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Әзірлеген:</b>		
Ғылыми зерттеулер департаментінің директоры		Тажекова А.Ж.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « 2 » 11 2023 ж. « 3 » 11 2026 ж. дейін ұзартылды: «    »            20   г.	Енгізілді: № 4/204 бұйрық  Енгізілген күні: « 2 » 11 2023 ж.	СМЖ ОҚПУ ҚН 05-00-2023  Басылым 1 Тіркеу № 1 Көшірме № _____
---	--	--

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	9 беттің 2-беті
<b>Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже</b>		

## Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 Негізгі міндеттері	3
3 Қызметтері	4
4 Құқықтары	5
5 Жауапкершілігі	6
6 Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы	7
А қосымшасы Танысу парағы	8
Б қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	9

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	9 беттің 3-беті
Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже		

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің (бұдан әрі Университет) Ғылыми координациялық кеңесі (бұдан әрі ҒКК) университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты саясатын қалыптастыру мен іске асырудың, ғылыми зерттеулер жүргізудің, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды жетілдірудің өзекті мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуге, арналған университеттің тұрақты жұмыс істейтін кеңесші, консультативтік және үйлестіруші органы болып табылады.

1.2 Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Ғылым туралы» заңдарын, Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік және құқықтық актілерін, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.3 Ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже университеттің Басқарма төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

1.4 Ғылыми координациялық кеңесі өз қызметін университеттің тиісті құрылымдық бөлімдермен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

1.5 Ғылыми координациялық кеңесі қоғамдық негізде жұмыс істейді.

1.6 Кеңес шешімдері алқалы түрде қабылданады, ұсынымдық сипатта болады және хаттамамен ресімделеді.

1.7 Кеңес өз қызметінде университетінің Басқарма төрағасы-Ректорына есеп береді.


1.8 Ғылыми координациялық кеңестің құрамы Кеңес төрағасынан - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректордан, төрағаның орынбасарынан, хатшыдан және кеңес мүшелерінен тұрады.

1.9 Кеңестің дербес құрамы Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі, Кеңестің дербес құрамына өзгерістер мен толықтырулар Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша енгізілуі мүмкін.

1.10 Кеңес қызметіне басшылықты төраға, ал ол болмаған кезде төрағаның орынбасары жүзеге асырады.

1.11 Кеңес құрамы Университеттің ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатысатын жетекші ғалымдары мен оқытушыларынан құралады.

1.12 ҒКК мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы ҒКК төрағасының орынбасары және ғылыми хатшысы сайланады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	9 беттің 4-беті
<b>Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже</b>		

1.13 Объективті себептер бойынша (жиналыстарда жылына 2 реттен артық болмауы немесе өндірістік қажеттілік бойынша) ҒКК мүшелерін ауыстыруды немесе алып тастауды жүзеге асыруға болады.

1.14 Қажет болған жағдайда ҒКК отырыстарына ҒКК мүшелері болып табылмайтын адамдар шақырылуы мүмкін.

1.15 Ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже өзгерісті Ғылыми зерттеулер департаментінің директоры «Өзгерістерді тіркеу парағына» міндетті түрде белгі қою арқылы өзгеріс енгізеді (Б қосымшасы).

## 2 Негізгі міндеттері

2.1 ҒКК құрудың негізгі мақсаты университеттің ғылыми қызметінің тиімділігін арттыру, ғылыми бөлімшелердің жұмыс сапасын бағалау болып табылады.

2.2 ҒКК негізгі міндеттері:

Университет ғалымдарының ғылымдағы басым бағыттарын дамыту, ЖОО ғылымының рөлін арттыру, университеттің зияткерлік және ғылыми әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, оның қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдерге тұрақты дамуына қажетті жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;

- Кафедралар мен ғылыми бөлімдердегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жағдайын талдау.

- Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін сараптамалық бағалау.

- Ғылыми-зерттеу жұмысын перспективалық және ағымдағы жоспарлау бойынша және сыртқы көздерден (гранттар, шаруашылық келісім-шарттар, мемлекеттік келісімшарттар және т.б.), сондай-ақ университеттің өз қаражатынан қаржы қаражатын тарту бойынша ұйымдастыру-талдау жұмысы.


- Қаржыландырылған ҒЗЖ жыл сайынғы есептерін тыңдау.

- Университеттің ғылыми бөлімшелерінің жұмысын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және іске асыру тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту.

- Күнтізбелік жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысының жылдық жоспарының және ғылыми-ұйымдастыру іс-шаралары жоспарының жобаларын қарау.

- Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы жылдық есеп бойынша материалдарды қарастыру және ғылыми кеңеске ұсыну.

- Күнтізбелік жылға арналған монографиялар, оқу құралдары, ғылыми еңбектер жинақтарын басып шығару жоспарларын талқылау және бекіту.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	9 беттің 5-беті
Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже		

- Ғылыми-ұйымдастыру іс-шараларын (ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, ғылыми еңбектер көрмелері) ұйымдастыру.

- Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу, жинақтау және тарату.

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарына оқытушыларды, студенттерді кеңінен тарту арқылы ғылыми зерттеулердің оқу процесімен байланысын нығайту.

- Студенттік ғылыми конференцияларды, көрмелерді, конкурстарды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсету.

### 3 Қызметтері

#### 3.1 Ғылыми координациялық кеңесінің негізгі қызметтері:

- Кеңестің қызметі оның отырыстарында, сондай-ақ жекелеген мәселелерді қарау үшін Кеңес ұйымдастырған жұмыс топтарының отырыстарында жүзеге асырылады.

- Кеңес өз отырыстарын кеңес отырыстарының бекітілген күн тәртібіне сәйкес екі айда бір рет ұйымдастырады және өткізеді. Қажет болған жағдайда жоспардан тыс отырыстар өткізілуі мүмкін. Егер отырысқа қатысушы Кеңес мүшелерінің жай көпшілігі дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі.

- Ғылыми координациялық кеңесі төрағасы жұмысты бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырады және отырыстар өткізеді. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын ҒКК төрағасының орынбасары орындайды. Отырыстарды өткізу үшін кворумға қатысып отырған ҒКК мүшелерінің 2/3 құрайды.

- Кеңес отырысында қарау үшін мәселелерді дайындау үшін жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

- Ғылыми координациялық кеңестің отырысы, егер оған Ғылыми координациялық кеңесі мүшелерінің кемінде жартысы (жай көпшілік) қатысса, заңды болып табылады.


- Ғылыми координациялық кеңесі шешімдері отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

- Ғылыми координациялық кеңесінің отырыстары хаттамамен ресімделеді, оған отырыста төрағалық етуші және Кеңес хатшысы қол қояды. Кеңес отырысының хаттамасы кеңес отырысынан кейін үш күннен кешіктірілмейтін мерзімде ресімделуі тиіс.

- Ғылыми координациялық кеңесі өз жұмысында келесі кеңестермен және бөлімдермен тығыз байланысты: Ғылыми кеңес, Ғылым департаменті және оның бөлімшелері, Жас ғалымдар кеңесі (ЖҒК), сондай-ақ университеттің барлық институттары.

#### 3.2 Ғылыми координациялық кеңесінің төрағасы:

- Ғылыми координациялық кеңесі жұмысын ұйымдастырады;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	9 беттің 6-беті
Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже		

- кеңес мүшелерінің келісімі бойынша отырыстың күн тәртібін бекітеді;
- Ғылыми координациялық кеңесінің отырыстарында төрағалық етеді;
- Ғылыми координациялық кеңесінің шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

### 3.3 Кеңес Хатшысы:

- Ғылыми координациялық кеңесі отырысының күн тәртібінің жобасын жасайды, Кеңес отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;
- Ғылыми координациялық кеңесінің мүшелерін Ғылыми координациялық кеңесінің өтетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабардар етеді, оларды қажетті анықтамалық-ақпараттық материалдармен қамтамасыз етеді;
- Ғылыми координациялық кеңесі отырыстарының хаттамасын ресімдейді және кеңесте қабылданған шешімдерді практикада қолдану барысы туралы хабардар етеді;
- Ғылыми координациялық кеңесі төрағасының тапсырмаларын орындайды.

Ғылыми координациялық кеңесінде қаралатын мәселелерді дайындауға жауапты лауазымды адамдар ғылыми координациялық кеңестің отырысына дейін үш күннен кешіктірмей хатшыға қажетті материалдар мен шешімдер жобаларын ұсынады.


### 3.4 Ғылыми координациялық кеңесінің мүшелері:

- Ғылыми координациялық кеңесінің жұмыс жоспарына, отырыстардың күн тәртібі және мәселелерді талқылау тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді;
- Ғылыми координациялық кеңесінің материалдарын, сондай-ақ оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;
- Ғылыми координациялық кеңесіне жүктелген міндеттермен байланысты мәселелерді қарастыру кезінде комиссия жұмысына қатысады.

## 4 Құқықтары

Ғылыми координациялық кеңесінің мүшелері құқылы:

- Ғылыми координациялық кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Ғылыми кеңеске және университет ректоратына ұсыныстар енгізу.
- Кафедралар мен ғылыми бөлімдерден кеңес қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу.
- Кафедралар мен ғылыми бөлімдерден олардың ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жұмыс жоспарлары мен есептері туралы ақпаратты сұрату және алу.
- Университетте ғылыми-зерттеу қызметін дамыту үшін бастамашыл бағдарламалар мен жобалар әзірлеу.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	9 беттің 7-беті
Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже		

- Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері бойынша факультеттердің декандарын, кафедра меңгерушілері мен ғылыми бөлімшелердің басшыларын өз отырыстарына шақыру және тыңдау.

## 5 Жауапкершілік

5.1 Ғылыми координациялық кеңесінің мүшелері жауапты:

- аталған Ережеде көрсетілген Ғылыми координациялық отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастыруға;
- жұмыс уақытын, еңбек, қаржы және ақпараттық ресурстарды тиімсіз пайдаланғандары үшін;
- Ғылыми зерттеулер департаментіне жүктелген міндеттері мен қызметтерін дер кезінде және сапалы орындауға;
- Университет саясатын жүзеге асыру бойынша іс-шаралардың дұрыс, толық қанды және сапалы жүргізілуіне.

5.2 Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігіне жауапкершілік толық қанды Ғылыми зерттеулер департаменті директорына жүктеледі.


5.3 Ережені әзірлеу, атап айтқанда оның мазмұнын, құрылымын СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 талаптарына сәйкес рәсімдеу, бекіту және ендіру жауапкершілігі Ғылыми зерттеулер департаменті директорына жүктеледі.

5.4 Бекітілген Ереже сәйкесінше ҒКК мүшелеріне таныстыру жауапкершілігі Ғылыми зерттеулер департаменті директорына жүктеледі. Танысу туралы жазба «Танысу парағына» (А қосымшасы) рәсімделуі қажет.

5.5 Түпнұсқаға және көшірмеге өзгертулер енгізуге Ғылыми зерттеулер департаментінің директоры жауапты.

## 6 Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара байланысы


Өзінің қызметтері мен құқықтарын жүзеге асыру мақсатында университеттің Ғылыми координациялық қызметі оның отырыстарында, сондай-ақ жекелеген мәселелерді қарау үшін Кеңес ұйымдастырған жұмыс топтарының отырыстарында жүзеге асырылады, университеттің факультеттерімен, кафедраларымен және құрылымдық бөлімдерімен өзара байланысқа түседі.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже	9 беттің 8-беті

**А қосымшасы**  
(міндетті)  
**Танысу парағы**

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы



	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің ғылыми координациялық кеңесі туралы ереже	9 беттің 9-беті

**Б қосымшасы**  
(міндетті)  
**Өзгерістерді тіркеу парағы**

№	Өзгеріс туралы хабарлама №	Өзгерісті бекіту күні	Құжатқа өзгерісті енгізген		
			Өзгерісті енгізуді жүзеге асырушының аты-жөні	Қолы	Күні